

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 21 мамырдағы № 116 " Байғанин ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту және аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 10 ақпандағы № 26 қаулысы
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің "Байғанин ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту және аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы" 2018 жылғы 21 мамырдағы № 116 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-4-173 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Байғанин ауданының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"
*"Ақтөбе облысының жолаушылар
көлігі және автомобиль жолдары
басқармасы" мемлекеттік мекемесі*

А. Купенов

Байғанин аудандық әкімдігінің
2026 жылғы "10" ақпандағы
№ 26 қаулысына қосымша
Байғанин ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 21 мамырдағы
№ 116 қаулысына қосымша

Байғанин ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

№ р/с	Автожолдың индексі	Автожолдың атауы	Жалпы ұзындығы, километр
1	KD-BA-37	Қарауылкелді-Жарқамыс	102,480
2	KD-BA-38	Қарауылкелді-Жарқамыс -Алтай батыр–Миялы– Оймауыт	171,255

3	KD-BA-39	Кемерши ауылына кіре беріс	56,000
4	KD-BA-40	Ебейті ауылына кіре беріс	43,690
5	KD-BA-41	Ноғайты ауылына кіре беріс	1,400
6	KD-BA-42	Көкбұлақ ауылына кіре беріс	18,000
7	KD-BA-43	Кенжалы ауылына кіре беріс	3,500
8	KD-BA-44	Қосарал ауылына кіре беріс	2,400
Барлығы			398,725

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК